

## Бәйдібек ауданының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы

### *Күші жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек аудандық мәслихатының 2012 жылғы 13 қарашадағы № 7/34 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 14 желтоқсанда № 2170 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек аудандық мәслихатының 2013 жылғы 5 ақпандағы № 10/54 шешімімен

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек аудандық мәслихатының 05.02.2013 № 10/54 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 56-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 қаулысымен бекітілген «Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу» мемлекеттік қызмет стандартының 6, 11 тармақтарына сәйкес, Бәйдібек аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Бәйдібек ауданының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсетілсін:

1) Ұлы Отан соғысы мүгедектері мен қатысушылары және соларға теңестірілген адамдарға 9 мамыр Жеңіс күніне орай 6,2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бір жолғы жәрдемақы;

2) жеке оңалту бағдарламасы бойынша мұқтаж мүгедектерді қоларбамен қ а м т а м а с ы з е т у г е ;

серуендеуге арналған қоларбаға 50 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде; бөлмеге арналған қоларбаға 21,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

3) мүгедектерге оңалту орталықтарына жолдама алу үшін біржолғы жәрдемақы 22,6 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

4) мамандандырылған туберкулезге қарсы медициналық ұйымнан шығарылған, туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын тұлғаларға 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бір жолғы жәрдемақы;

5) үйде арнаулы әлеуметтік күтімге алынған қарттардың ішінен 80 жастан асқан адамдарға, жол жүрумен байланысты шығындарын өтеуге, ай сайын 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

6) тұрмысы төмен мұқтаж отбасыларға материалдық көмекке бір жолғы жәрдемақы 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

7) Чернобыль атом электр стансасындағы апаттың, авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан адамдарға 1,2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бір жолғы жәрдемақы;

8) ауғанстан соғысына қатысқан адамдарға 3,1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде және 9 мамыр Жеңіс күніне 1,2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бір жолғы жәрдемақы.

2. «Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу» мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті нақты құжаттар тізбесі осы шешімнің қосымшасына сәйкес анықталсын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы:*

*Ж.Теміржанов*

*Мәслихат хатшысы:*

*С.Спабеков*

Бәйдібек

аудандық

мәслихатының

2012

жылғы

13

қарашадағы

№ 7/34 шешіміне қосымша

### **«Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу» мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті құжаттар тізбесі**

1. Әлеуметтік көмектің барлық түрлері үшін:

1) әлеуметтік көмекке өтініш жасаған тұтынушының өтініші;

2) алушының жеке басын куәландыратын құжат, ал кәмелетке толмаған алушылар үшін - туу туралы куәлік;

3) алушының салық төлеуші куәлігі;

4) алушының тұратын жері бойынша тіркеуді растайтын құжат;

5) алушының банктік шоты бар болуын растайтын құжат;

6) алушының заңды өкілі өтініш жасаған кезде, жеке басын куәландыратын құжат және заңды өкілдің өкілеттілігін растайтын қоса беріледі.

2. Әлеуметтік көмектің келесі түрлерін тағайындау үшін мыналар қоса беріледі:

1) барлық санаттағы мүгедектер табыстарын есепке алмай, шипажай немесе

оңалту орталықтарына жолдама алу үшін:  
алушының әлеуметтік мәртебесін растайтын құжат;  
мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасынан үзінді;  
шипажай - курорттық картасынан немесе медициналық картасынан үзінді;  
мүгедектік шипажайда немесе оңалту орталығында болуын растайтын құжат;  
емделуде болғанын растайтын, тиісті медициналық ұйымнан анықтама;

2) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, соларға теңестірілген адамдарға және Ауған соғысы ардагерлеріне, Чернобыль атом электр стансасы апатын жоюға қатысушыларына:  
егер аталған азамат уәкілетті органда есепте тұрмаған жағдайда, алушының әлеуметтік мәртебесін растайтын құжат;

3) мамандандырылған туберкулезге қарсы медициналық ұйымнан шығарылған, туберкулездің белсенді жұқпалы түрімен ауыратын тұлғаларға:  
емделуде болғанын растайтын, тиісті медициналық ұйымнан анықтама;  
ауыл округі әкімі жанындағы учаскелік комиссияның актісі.

3. Құжаттар салыстырып тексеру үшін түпнұсқа мен көшірмелерде ұсынылады, содан соң құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге өтініш берген күні қайтарылады.